

Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі өкілетті органның тәртіптік комиссиясы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 2003 жылғы 26 наурыздағы N 02-01-02/33 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 25 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 2248. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 2012 жылғы 10 қазандағы № 02-01-02/133 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 2012.10.10 № 02-01-02/133 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 31 желтоқсандағы N 321 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік әкімшілік қызметшілеріне тәртіптік жаза қолдану ережесінің 1-тарауының алтыншы абзацына, Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 3 желтоқсандағы N 280 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі туралы ереженің 9-тармағының 10-1-тармақшасына с ә й к е с

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

Ескерту: Кіріспеге өзгертулер енгізілді - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 2005 жылғы 25 қарашадағы N 02-01-02/170 б ұ й р ы ғ ы м е н .

1. Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі өкілетті органның тәртіптік комиссиясы құрылсын.

2. Қоса берілген Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі өкілетті органның тәртіптік комиссиясы туралы ережесі бекітілсін.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға

Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік қызмет істері
жөніндегі агенттігі Төрағасының
2003 жылғы 26 наурыздағы
N 01-02/33 бұйрығымен
бекітілді

Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі өкілетті органның тәртіптік комиссиясы туралы

ЕРЕЖЕ

Осы Ереже Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі өкілетті органның тәртіптік комиссиясының өкілеттігін, іс-қызметін ұйымдастыруын және тәртібін анықтайды.

1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі өкілетті органның тәртіптік комиссиясы (бұдан әрі - Комиссия) - тәртіптік ретпен жазаланатын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасаған және Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексін (Мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасы ережелері) (бұдан әрі - Ар-намыс кодексі) бұзған С-1, С-2, С-3, С-4 санаттарындағы мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің, сондай-ақ тәртіптік жауапкершілікке тартылатын сыбайлас жемқорлық тәртіп бұзушылығын жасаған орталық құқық қорғау органдары басқармаларының басшыларына дейін қоса, осы органдардың бірінші басшыларын, олардың бірінші орынбасарлары мен орынбасарларын қоспағанда (бұдан әрі - құқық қорғау органдарының аталған лауазымды тұлғалары), лауазымды тұлғалардың тәртіптік істерін қарау үшін мемлекеттік қызмет істері жөніндегі өкілетті органда (бұдан әрі - Агенттік) құрылған тұрақты алқалық орган. Комиссия Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін құқық қорғау органдары мен арнаулы қызметтердің қызметкерлеріне, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің қызметкерлеріне қатысты тәртіптік істерді қарамайды.

Ескерту: 1-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 2005 жылғы 25 қарашадағы N 02-01-02/170 бұйрығымен .

2. Комиссия өзінің іс-қызметінде заңдылық, әділдік және әділеттілік қағидаттарын басшылыққа алады.

2. Комиссия негізгі функциялары мен құқықтары

3. Комиссияның негізгі функциялары:

1) сыбайлас жемқорлық сипатындағы тәртіптік істерді қарау және С-1, С-2, С-3, С-4 санаттарындағы мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің, сондай-ақ құқық қорғау органдарының аталған лауазымды тұлғаларын тәртіптік жауапкершілікке тарту жөнінде мемлекеттік орталық органдарының басшылары атына ұсыныстар әзірлеу ;

2) Мемлекет Басшысына және Қазақстан Республикасының Үкіметіне
Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметті жетілдіру мәселесі жөнінде
ұ с ы н ы с т а р д ы е н г і з у ;

3) мемлекеттік тәртіпті нығайту, мемлекеттік органдарын лауазымды
тұлғаларымен мемлекеттік қызмет туралы заңнама мен сыбайлас жемқорлыққа
қарсы күрес заңнаманың талаптарын сақталуын қамтамасыз ету жөнінде
нұсқаулар мен ұсыныстар әзірлеу.

**Ескерту: 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Мемлекеттік қызмет істері
жөніндегі агенттігі төрағасының 2005 жылғы 25 қарашадағы N 02-01-02/170
бұйрығымен .**

4. Комиссия өзінің құзыреті шегінде тәртіптік ретпен жазаланатын сыбайлас
жемқорлық құқық бұзушылығын және Ар-намыс кодексі бұзушылығын жасаған
С-1, С-2, С-3, С-4 санаттарындағы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерге,
сондай-ақ құқық қорғау органдарының аталған лауазымды тұлғаларына қатысты
тәртіптік істерді қарайды .

**Ескерту: 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Мемлекеттік қызмет істері
жөніндегі агенттігі төрағасының 2005 жылғы 25 қарашадағы N 02-01-02/170
бұйрығымен .**

5. Комиссия өзінің құзыреті шегінде:

1) өзінің мәжілістерінде мемлекеттік орталық органдардың, олардың
ведомстволарының басшыларын тыңдауға;

2) құқық қорғау және басқа мемлекеттік органдардан, ұйымдардан қажетті
құжаттар, материалдар және ақпараттар сұрауға;

3) тиісті лауазымды тұлғалардан ауызша және жазбаша түсініктемелер талап
е т у г е ;

4) мемлекеттік орталық органдардың кадр қызметіне тиісті санаттардағы
мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің тәртіптік ретпен жазаланатын сыбайлас
жемқорлық құқық бұзушылығын жасауы фактілері бойынша қызметтік тексеріс
ж ү р г і з у д і т а п с ы р у ғ а ;

5) беделді және кәсіби дайындығы бар қоғам өкілдерін тексерістерге қатысуға
т а р т у ғ а ;

6) орталық құқық қорғау органдарына (Қазақстан Республикасының
Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін құқық қорғау және арнаулы
қызметтер мен Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінен басқа)
құқық қорғау органдарының аталған лауазымды тұлғаларына қатысты қызметтік
тексерістер жүргізу туралы ұсыныстар енгізуге;

7) құқық қорғау органдарының басшыларына осы органдардың аталған
лауазымды тұлғаларының тәртіптік жауапкершілігі туралы ұсыныстар енгізуге
құқылы.

3. Комиссияның жұмысын ұйымдастыру

6. Агенттіктің Төрағасы:

- 1) Комиссияға жетекшілік етеді, оның жұмысын ұйымдастырады және басшылықты жүзеге асырады;
- 2) Комиссия мәжілістерінің күн тәртібін белгілейді;
- 3) Комиссияның мәжілістерін шақырады және оларға төрағалық етеді. Комиссия төрағасы болмаған кезде оның өкілеттігімен мәжіліске Комиссия төрағасының орынбасары төрағалық етеді;
- 4) Комиссия мүшелерінен Комиссия мәжілісінде қаралатын нақтылы мәселе бойынша баяндамашыны белгілейді;
- 5) Комиссияның құрамын белгілейді және бекітеді;
- 6) Комиссияның жабық мәжілісін өткізу туралы шешімін бекітеді;
- 7) заңнамада және Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмаларында қарастырылған өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту: 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 2005 жылғы 25 қарашадағы N 02-01-02/170 бұйрығымен .

7. Комиссияның жеке құрамы Агенттіктің Төрағасымен бекітіледі және Комиссияның Төрағасы, Төрағаның орынбасары мен кемінде 5 мүшесінен тұрады. Комиссияның құрамына мемлекеттік орталық органдардың, оның ішінде құқық қорғау органдарының басшылары (орынбасарлары), Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары, республикалық қоғамдық ұйымдардың өкілдері және басқа лауазымды тұлғалар кіре алады.

Ескерту: 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 2005 жылғы 25 қарашадағы N 02-01-02/170 бұйрығымен .

8. Комиссияның хатшысы, Агенттіктің Мемлекеттік қызметті құқықтық қамтамасыз ету департаментінің өкілі болып табылады.

Комиссияның хатшысы:

- 1) Комиссия мәжілістерінің хаттамасын жүргізеді;
- 2) Комиссияның шешімін тиісті мемлекеттік органның орындауына жолдайды.

9. Агенттіктің Мемлекеттік қызметті құқықтық қамтамасыз ету департаменті Комиссияның жұмыс органы болып табылады.

Ескерту: 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 2005 жылғы 25 қарашадағы N 02-01-02/170 бұйрығымен .

10. Комиссияның шешімі, Комиссияның Төрағасы, мүшелері мен хатшысы қол қоятын қаулысымен ресімделеді және ол қабылданғаннан кейін бес күндік мерзімде тиісті мемлекеттік органдарға жіберіледі.

11. Комиссия мүшелері мәжілістің өткізілетін күні, орыны, оның күн тәртібі туралы, сондай-ақ тәртіптік іс туралы материалдармен мәжіліске дейін Комиссияның жұмыс органымен хабардар етілуі және таныстырылуы тиіс.

Ескерту: 11-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 2005 жылғы 25 қарашадағы N 02-01-02/170 бұйрығымен .

12. Комиссиямен жаза қолдану туралы шешім шығару тәртібі, мемлекеттік қызметшілер құқықтарының кепілдіктері, осы Ережемен бірге Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 31 желтоқсандағы N 321 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік әкімшілік қызметшілеріне тәртіптік жаза қолдану Ережесімен және тиісті құқық қорғау органдарының нормативтік актілерімен айқындалады.

Ескерту: 12-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 2005 жылғы 25 қарашадағы N 02-01-02/170 бұйрығымен .

13. С-1, С-2, С-3, С-4 санаттарындағы мемлекеттік әкімшілік қызметшілері жасаған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың қызметтік тексеруі Агенттік Төрағасының бұйрығымен тағайындалады және Агенттіктің Мемлекеттік қызметті құқықтық қамтамасыз ету департаментімен Тәртіптік жаза қолдану тәртібі туралы ережеде белгіленген мерзімде және тәртіппен жүргізеді.

Қажет болған жағдайда Агенттік қызметтік тексеру жүргізуді сол мемлекеттік органның кадр қызметіне тапсыра алады.

Ескерту: 13-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 2005 жылғы 25 қарашадағы N 02-01-02/170 бұйрығымен .

14. Құқық қорғау органдарының лауазымды тұлғалары жасаған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығын қызметтік тексеруді ондай тексеріс жүргізілетін адам қызметкері болып табылатын тиісті құқық қорғау органы жүргізеді.

Бұл орайда қызметтік тексеру жүргізуге:

- Комиссияның ұсынысы;

- тиісті құқық қорғау органдары басшыларының бастамасы немесе басқа құқық қорғау органы басшысының қызметтік тексеріс туралы (Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін арнаулы органдар мен құқық қорғау органдарының және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің қызметкерлеріне қатысты қызметтік тексеріс жүргізу фактілерінен басқа) Комиссияны міндетті түрде хабардар етуімен жасалған

ұсынысы негіз болып табылады.

Аталған құқық қорғау органдарының лауазымды тұлғаларына қатысты жүргізілетін қызметтік тексеру үйлестіруді Комиссияның жұмыс органы жүзеге асырады.

Комиссияның жұмыс органы қызметтік тексерудің толық жүргізілгендігіне қосымша қорытынды береді.

15. Комиссияның мәжілістері:

1) оларға Комиссия мүшелерінің жалпы санының үштен екісі қатысып отырса заңды деп саналады;

2) қажеттілігіне қарай өткізіледі;

3) ашық өткізіледі. Егер мәселелерді қарау мемлекеттік құпияларға қатысты болса, қажет болған жағдайда, Комиссия Төрағасының шешімімен жабық мәжілістер өткізілуі мүмкін.

16. Комиссия шешімдерді мәжіліске қатысушы Комиссия мүшелерінің жалпы санының қарапайым басым дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда төрағалық етушінің дауысы шешуші дауыс болып табылады.

17. Тәртіптік іс қозғалған адамның Комиссия мәжілісіне қатысуы міндетті.

18. Тәртіптік істі қарау қорытындылары бойынша Комиссия мынадай шешімдердің бірін шығаруы мүмкін:

1) жаза қолданудың мақсатқа сәйкестігі мен оның түрі туралы ұсынысты мемлекеттік органның басшысына жолдау;

2) тәртіптік істі тоқтату;

3) мемлекеттік қызметшінің іс-әрекеттерінде қылмыс белгілері болған жағдайда Комиссия ол қызметшіні заң жүзінде белгіленген тәртіппен қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы мәселені шешу үшін тиісті құжаттар мен материалдарды құқық қорғау органдарына жолдайды.

19. Комиссия қолданатын тәртіптік жазалардың түрлері Қазақстан Республикасы "Мемлекеттік қызмет туралы" Заңының 28-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 31 желтоқсандағы N 321 Жарлығымен бекітілген "Мемлекеттік әкімшілік қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану ережесімен", сондай-ақ құқық қорғау органдарының тиісті нормативтік құқықтық актілерімен айқындалады.

20. Комиссия:

1) тәртіптік жаза қолданудың заң жүзінде қарастырылған мерзімдері өтіп кеткен;

2) тәртіптік іс негізсіз қозғалған;

3) тәртіптік теріс қылық құрамы болмаған жағдайларда тәртіптік істі тоқтатады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК